

**«Шетелде Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу»  
мемлекеттік қызмет паспорты**

**Қызмет көрсетуші:**

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

**Жұмыс кестесі:**

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау сағат 09.30-дан 12.30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі қабылдамайтын күн.

**Веб-сайт:**

шетелдегі мекемелердің сайттары

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижесін беруді жүзеге асыратын мекеме:**

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:**

қағаз түрінде

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**

3 (үш) жұмыс күннен аспайды.

**Қажетті құжаттар тізбесі:**

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) мөлшері 3x4, см бір түсті фотосурет;
- 3) жеке басты куәландыратын тіркеу карточкасы (түпнұсқа және көшірме);
- 4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша толтырылған есепке алу карточкасы;
- 5) шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:**

Қазақстан Республикасының азаматтарын консулдық тіркеуге алу немесе одан шығару

**Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірінғай байланыс орталығының нөмірі:**

1414, 8 800 080 7777

\* толық ақпаратты алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету стандартымен танысуды сұраймыз